



Charles Sturt
University

Оқушы әл-ауқаты: қалыптастырушы бағалаумен өзара байланысын зерттеу



Доктор Рейчел Джефферсон-Бьюкенен

Адам қозғалысын зерттеу (денсаулық және дене шынықтыру) және шығармашылық қызмет кафедрасының оқытушысы



Чарльз Стёрт университеті, Педагогика факультеті, Австралия, Жаңа Оңтүстік Уэльс



rjefferson-buchanan@csu.edu.au

Презентация мазмұны



Өзім туралы




Әл-ауқат дегеніміз не?



Сыныптағы білім беру аясында әл-ауқат деп нені айтамыз?



Оқушылардың әл-ауқатына ықпал ететін қалыптастырушы бағалауды қалай әзірлеуге болады? Кеңестер мен ұсыныстар



Өзім туралы

Білім беру саласында мұғалім,
оқытушы, халықаралық кеңесші ретінде
34 жылдық тәжірибем бар.

Чарльз Стерт университетіндегі қызметім: кәсіби оқыту,
әл-ауқат, өнер саласындағы педагогика.


Халықаралық кеңесші: Cambridge Assessment International Education, Cambridge University
Press, Montrose (Қазақстан, Моңғолия, Мысыр, Мьянма).

Зерттейтін салаларым: дене шынықтыру,
спорт, тәнді басқару (әлеуметтану), әл-ауқат, медитация, йога, би, гендер, инклюзия.




Әл-ауқат дегеніміз не?

Денсаулықтың координаталық торы (Данн)



«Ауру - денсаулық» континуумы (Трэвис)



Әл-ауқат дегеніміз не?

«Мұзтау» түріндегі денсаулық моделі (Трэвис)



Әлеуметтік-экологиялық модель (дереккөз: Ауруларды бақылау және алдын алу орталығы)



Әл-ауқат аспектілері



Аспект	Анықтамасы
Физикалық	Ағзаның функционалдық қызметін, оның ішінде дененің шыныққандығын, тамақтану режимін және өмір сүру салтын, сондай-ақ өз-өзіне медициналық күтім жасауды қамтиды
Әлеуметтік	Басқалармен тіл табыса білуді, өзара және қоғамдық ортамен байланыс сезімін қамтиды
Эмоционалдық	Өзінің және басқалардың сезімдерін түсінуді, әртүрлі эмоцияларды қабылдауды, сондай-ақ эмоцияны басқару мен күйзелісті жеңе білу қабілетін қамтиды
Интеллектуалды	Алғырлықты сақтауды және интеллектуалды дамуды қамтиды
Рухани	Өз бетімен өмірлік бағдар мен мән іздеуді қамтиды
Экологиялық	Қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғауды қамтиды
Кәсіби	Өз жұмысына қанағаттануды қамтиды
Қаржылық	Қаржылық ресурстарды дұрыс басқару мен жоспарлауды қамтиды

Сыныптағы білім беру аясында әл-ауқат деп нені айтамыз?



1 Әл-ауқаттың 8 аспектісінің кейбірі физикалық, әлеуметтік, эмоционалды және интеллектуалды сияқты түрлері сыныптағы білім беруде өзекті болып табылады.

2 Мұғалімнің үйлестірушілік функциясы: оқушыларға әл-ауқаттың әртүрлі аспектілеріне қол жеткізуге көмектесу. Қолданылатын стратегиялар қатарластармен талқылауға, білім саласындағы әңгімелерге, ұжымдық ойындарға негізделген бағалау арқылы **әлеуметтік әл-ауқатты** қолдауды қамтуы мүмкін.

3 Сынау және қателесу әдісі: әр оқушыға ненің сәйкес келетінін зерттеп, мұқият тыңдаңыз. Оқушылардың барлығы сыныпқа өзіндік мақсатымен және тәжірибесімен келеді.

4 Сыныпта жайлы атмосфераны сақтаңыз және оқушылардың қажеттіліктеріне қарай бейімдеуге болатын процедураларды қолданыңыз.

Оқушы әл-ауқаты: қалыптастырушы бағалаумен өзара байланысын зерттеу



Оқушылардың әл-ауқатына ықпал ететін қалыптастырушы бағалауды қалай әзірлеуге болады? Кеңестер мен ұсыныстар



- 1 Оқыту ҮШІН оқушылармен БІРГЕ бағалаңыз.
- 2 Оқушылардың өз оқу процесін басқару дағдыларын жақсартып, оны толық қадағалауға мүмкіндік беріңіз (мүмкіндіктердің кеңеюі: әл-ауқаттың оң әсері).
- 3 Қалыптастырушы бағалау процесінің барлық кезеңдерінде оқушылардың жалпы әл-ауқатына қолдау білдіріңіз.
- 4 Барлық оқушылардың прогресс қарқыны, күшті жақтары және жетілдіруді қажет ететін салалары әртүрлі екенін ескеріңіз.
- 5 Оқушылардың көпшілігі белгілі бір кезеңде қолдауды қажетсінеді – оларды жігерлендіріңіз, көмек көрсетіңіз.
- 6 Ата-аналарды/қамқоршыларды хабардар етіңіз.
- 7 Конструктивті кері байланыс беріңіз: олардың дәл қазір не істей алатынын және алдағы іс-әрекеттері қандай болуы керектігін жеткізіңіз.
- 8 Жетістік критерийлері шеңберінен шығыңыз: қосымша тапсырмалар ұсыныңыз.



Оқушылардың әл-ауқатына ықпал ететін қалыптастырушы бағалауды қалай әзірлеуге болады? Кеңестер мен ұсыныстар

- 1 Қатарластардың өзара бағалауы
- 2 Өзін-өзі бағалау
- 3 Оқу журналы
- 4 «Менің қолымнан келеді»
- 5 Оқушының/мұғалімнің жетекшілігімен викторина өткізу
- 6 Мақсат қою



Оқушы әл-ауқаты: қалыптастырушы бағалаумен өзара байланысын зерттеу

Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рақмет!



Оқушы әл-ауқаты: қалыптастырушы бағалаумен өзара байланысын зерттеу